

Біз ұстазбыз. Ұстаз сабырлы да, салмақты болуы керек. Алдына келген әр бір баланың жүрегіне жол таба алуымыз керек. Ұстаз шәкіртінің жүрегіне жол тапса, оның еңбегі ешқашан бос кетпейді. Бала көңілі өте нәзік. Сол нәзік көңілдеріне қаяу салмай, бар білгенімді балаларға уйретуге көмектесіп келген өзімнің 10 психологиялық әдістерім туралы сөз еткім келеді. Бұл менің 30 жылдық еңбек жолымда жасаған зерттеулерім арқылы келіп шыққан әдістер.

### **1. Өтініш жасау.**

Бір сыныпта 25 бала болса соның барлығының көңілін табуымыз керек. Барлығының көңілін табу үшін сол баланы жан жақты зерттеу керек. Оның нені жаман көретінін біліп, сол жаман көңіл-күйін жаулап алуға әрекет ету керек. Мысалы, бала қолына қалам ұстап дәптерге жазғысы келмейді. Сол баланың жанына барып жылы жүзбен оның қаламын немесе дәптерін беріп тұруын өтінеміз. Сұрағанымызды қолымызға алған соң рахмет айтамыз. Қаламының әдемі екендігін, онымен жазған жазу әдемі шығатындығын айтып мақтаймыз. Сабақ кезінде ауыз ашбай отырған бала мынадай мақтауларды есітіп бұл қалам дәптерді қайдан, қалай және кім сатып алып бергендігін әңгімелеп береді. Қалам дәптерін өзіне қайтарып жазып көруін өтінеміз. Бала сіздің өтінішіңізді жерге тастамай жазып көреді. Сонда сіз баланың еңбегіне сүйсініп, оны жылы сөздермен марапаттаңыз. Бұл әрекеттерді әр сабақ сайын қайталай беріңіз. Өйткені өзін мақтап тұрған ұстазын оқушыда ұятқа қалдырғысы келмейді. Нәтижесінде сіз өтініш арқылы оқушыңыздың жүрегіне жол табасыз, олда сіздің жүрегіңізден орын алуға тырысады.

### **2. Көп талап ету.**

Бұл әдіс негізінде қаталдау көрінседе өз нәтижесін береді. Баладан өзіңіз қалағаныңыздан көп нәрсені талап етіңіз. Кейде ережеге қайшы келетін кейбір нәрселерді талап етіңіз. Сізге көмектесуін талап етіңіз. Бала өзіңіз білгендей сіздің талабыңызды орындаудан бас тартады. Сіз батылдық танытып сол талабыңызды орындауды қайта-қайта талап етіңіз. Сонда ол бала сіздің талабыңызды орындауға әрекет жасап көреді. Ал сіз оның әрекетін марапаттап өзіне тағыда талап қойыңыз. Сіздің марапатыңызды алған бала, алғашқы талабыңызды уақытында орындамағанына өзіні кінәлі сезініп, сіздің келесі қойған талабыңызды орындауды өзінің міндеті деп біледі.

### **3. Баланы өз атымен атау.**

Америкалық психолог Дейл Карнеги әр бір адамды өз атымен атау өте қажет деп санайды. Адамның өз аты-әрбір адам өмірінде естіген ең әдемі дыбыстар болып саналады. Адамның өз аты-оның өмірінің бір

бөлшегі. Сондықтан оны өзі атымен атау қажет. Адамды өз атымен атау оның осы қоғамда өмір сүріп жатқандығының дәлелі болып саналады. Баланы өз атымен атаудың да түрлі әсерлері бар. Егер сіз оның атын өте жағымды дауыспен атасаңыз олда сізге солай жауап береді. Өйткені ол сіздің дауыс ырғағыңыздан өзіне деген достық сезімді байқайды. Егер сіз оның атын атаған кезде қатал дауыс көтерсеңіз ол сізге "Менің атымды осынша қатал дауыспен атайтындай не жазып қойдым?" деген сұрақ қойуы мүмкін. Сондықтан баланың атын атағанда өте мұқият болған жөн.

#### **4. Балала мінезін парақтаңыз.**

Алғашқыда бұл әдіс сізге оңай болып көрінгенмен, оның да өзіне жараса қиындықтары көп. Егер шындап зерттесеңіз бұл әдіс бала тәрбиесінде сізге өте көп пайдасын тигізері анық. Менің зерттеу барысымда, кейде баланың ойы мінезіне сай келсе, кейде сай келмейтінін байқадым. Егер сіз балаға оның ойы өзінің мінезіне сай екендігін өзі бағалайтындай дәрежеде жеткізе алсаңыз, ол сіздің пікіріңізді құрметпен қарсы алады. Өйткені бұл оның өз ойымен сәйкес екендігін сезеді. Ал баланың мінезі өте нашар болса сізге теріс мінез көрсетуге тырысады. Өйткені ол өзін барлық балалардан төмен сізінуді мүмкін. Бұл дегеніміз ол баланы кемсіту емес. Кемсітумен сіз ол баланың жүрегіне жол таба алмайсыз. Бар өнеріңізді іске қосып ол баланың мінезіндегі жақсы парақшаларын өзіне ашып танытуға әрекет жасаңыз. Өз ойына өз мінезін сәйкестендіруді үйретіңіз.

#### **5. Өзін өзіне таныту.**

Балаға өзін өзі тануға көмектесіңіз. Бала басқа бір әдепсіз баланың қылықтарын жылдам қабылдауға бейім. Оның кейбір жағымсыз қылықтарын, сөздерін немесе әрекеттерін саналы түрде қайталауға өте әуес. Оларға ұқсағысы келеді. Егер сіз оған бұл істеген іс-әрекеттері өзінікі емес, бұл оған жат қылық екендігін түсінтіре алсаңыз оны мынадай жаман жолдан қайтарған болар едіңіз. Балаға өзінің жақсы жағын көрсетіңіз. Өзін – өзіне таныстыруға бар күшіңізді салыңыз. Онымен жылы қарым-қатнаста болыңыз. Оны өз атымен атаңыз. Сөзінің, ойының өз мінезіне сай екендігін дәлелденіңіз. Сіз бұл әрекеттеріңіз бен балаға өзін-өзі тануға жол ашып бересіз. Ата-бабамыз бекер айтпаған «Жаман сөзбен адам діннен шығады. Жылы сөзбен жылан іннен шығады.»

#### **6. Баланың шаршауын пайдаланыңыз.**

Бала шаршаған кезде бөтен адамның сөздерін өтініш немесе арыз қабылдаған сияқты тез қабылдағыш болады. Өйткені, бала тәнінің және миының шаршауы оның психологиялық энергиясының төмендеуіне алып келеді. Бала шаршап тұрған кезде сіздің өтінішіңізге « Жарайды, ертең жасап келемін.» деп жауап береді. Өйткені ол шаршап тұрған кезде

ешқандай жағдайды ұшықтырғысы келмейді. Ал ертең ол сабаққа келгенде кешегі берген уәдесі есіне тусіп, тапсырмаларын бір қатар қарап алуға әрекет етеді. Мұнымен ол өз сөзінде тура алатындығын дәлелдегісі келеді. Өз сөзінде тура алмаса достарының алдында өзін психологиялық жақтан қолайсыз жағдайда қалатындығын сезінеді.

### **7. Бас тартуға мүмкін болмаған істі талап ету.**

Бұл әдіспен біз жоғарыда аты аталған балаға қатаң талап қою әдісін толықтырамыз. Балаға бірден орындалмайтын талап қоймай, жеңіл талап қоюымыз керек. Егер бала сіздің алғашқы қойған талабыңызды қабылдаса, міндетті түрде кейінгі талаптарыңызды да қабылдайды. Қойылған талаптардан бас тарта алмайды. Өйткені бала сіздің талаптарыңызды орындап мақтау алатынын біледі. Сіз оның орындаған тапсырмасын бағалайсыз. Бұл әдіс қазіргі замандағы маркетинг әдісіне сай келеді. Солай екен деп баланың алдына бір талап қойып басқа бір нәрсені талап етпеңіз. Баладан өзі бас тарта алмайтындай істі талап етіңіз. Сөзіңіз бен ісіңіз сай болсын.

### **8. Баланы тыңдай біліңіз.**

Балаға онікі дұрыс емес екендігін бетіне басып айту дұрыс әдіс емес деп санаймын. Егер олай жасасаңыз олда сізге солай жауап қайтарады. Оның әрекеттерінің дұрыс емес екендігін, оның ар намысына тимейтін әдістермен жеткізу керек. Оның сөздеріне құлақ салыңыз. Мағанасына мән беріңіз. Өзін ұстау мәнерін бақылаңыз. Оның пікірінен өзіңіздің пікіріңізге сәкестік іздеңіз. Сол сәйкестікті тауып балаға оның қатесін өз дәлеліңізбен жай жеткізуге тырысыңыз. Ең алдымен, оның пікірімен келісетініңізді айтыңыз. Содан сон оның өзінің пікіріне жан-жақты назар салып, ой елегіннен өткізуді сұраңыз. Егер сіз баланы тыңдай білсеңіз олда сізді солай тыңдай алады.

### **9. Балаға қайталауды үйретіңіз.**

Ең тиімді әдістердің бірі бұл баланы алдыңызға отырғызып сіз оны шынымен түсінетініңізді ұқтырыңыз. Оның өзінің сөздерімен оны жақсы түсінетініңізді жеткізіңіз. Бұл әдіс рефлексивтік тыңдау әдіс ретінде танымал. Бұл әдісті психологтар көп қолданады. Адам өзі туралы басқа біреуге қаншалықты көп әңгімелеп берсе, олардың арасында соншалықты жақындық пайда болады. Олар бірін бірі түсінісіп достық қарым-қатынас пайда болады. Бұндай әдісті баланың достарымен әңгімелескенде де қолдауға болады. Баланың әңгімесін мұқият тыңдап, оны түсінгеніңізді сезген бала сіздің алдыңызда өзін еркін сезінеді. Сізбен әңгімелесуден ләззәт алады. Сіздіңде пікіріңізбен санасады. Өйткені, сіз өз әрекеттеріңізбен оны елеусіз қалдырмадыңыз. Балаға жақсы әрекеттерді қайталауды

үйреттіңіз.

#### **10. Мақұлдаңыз.**

Сіз алдыңызда отырған шәкіртіңіздің сөздерін тыңдап оған басыңызды изесеңіз оның сөзін мақұлдаған боласыз. Сіз сөйлегенде шәкірттеріңіз солай жасаса олар сіздің айтқаныңызбен келіскені. Бұл адамның өз қимылымен басқа бір адамға әсері болып саналады. Егер сіз өз шәкіртіңізге өз қимылыңыз бен оның сөздерінің дұрыс екендігін жеткізе алсаңыз бұл сіздің өз еңбегіңіздің үлкен жемісі. Баланы түсініп, оған өз қимылыңызбен онікі дұрыс екендігіне көз жеткізе алайық. Сонда олда сізге солай жасайды. Сонда ғана шәкіртіңіздің тарапынан сіздің еңбегіңіз бағаланады.